


# Қазына кеуде

Белгілі жазушы, шежіреші, этнограф, өлкетанушы Төрехан Майбас ағамыздың ең бірінші қоғамдық жұмыстардағы қайраткерлігі, іскер ұйымдастырушылығын айтқым келеді. Осыдан үш-төрт жыл бұрын маған телефон шалып, «Нұрлан інім, «Бұланты шайқасы» болған тарихи жерге, ата-бабалардың басына ескерткіш орнатып, рухына тағзым етіп, Құран бағыштап, тарихи жерлерді аралап, кешенді жұмыстарға өз үлесіңді қосуға қалай қарайсың?» деді. Мен қуана келісіп, бірден дайындық жұмыстарына кірісіп кеттік. Біраз жігіттердің басын қосып, ақылдасып, атамыздың басына орнатын ескерткіш тасқа тапсырыс беріп, біршама уақыттан соң оны орнатуға бардық.

Айта кету керек, «Бұланты шайқасы» кешені ат шаптырым жерді алып жатыр. Ол жер ауқымды кешен екен. Сонда бәрін ұйымдастырып, алдын ала керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, басқа да ас-су, техника және барып келетін көлік, бәрін тап-тұйнақтай ұйымдастырған шеберлігіне тәнті болдым. Қысқасы, аз уақытта ескерткішті орнатып, аруақтарға арнайы мал сойып, Құран бағыштап, тағзым етіп келдік. Төрехан ағаның шығармашылық еңбегіне мамандар тоқтала жатар. Дегенмен, ғасырлар бойы депрессияға ұшыраған ұлттық құндылықтарымызды қайта қалпына келтіру мақсатындағы көптеген жұмыстарын айтпай кетуге болмайды. Олар, «Құрмалдық» «Рух», «Ағатай», «Зерде» кітабы, «Тәңірқұт», «Этнографтың жазбалары», «Көкбөрі Керней дейтін елміз», «Жазығы не еді бабалардың» аза кітабы, бірнеше томдық «Портреттер» кітабы, тағы басқа тарихи-танымдық көптеген шығармаларын көпшілік қауым жылы қабылдады, кеңінен тарады.

Бүгінгі таңда жазушы-этнограф, қоғам қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, қарымды қаламгер Төрехан Майбастың мерейлі 70 жасқа толған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ағамызға үлкен шығармашылық табыс, қажымас қайрат, ел үшін еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз арта түссін дегім келеді.

**Нұрлан ӘУЕСБАЕВ,**
**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Мәжілісінің**
**депутаты**

Орталық Қазақстан. - 2024. - 6 қаңтар (№2). - 4 б.